

Лекция № 11

Тақырыбы: Теориялық материал бойынша алынған білімдерді аралық бақылау. Кеңестер, емтихандар. Физикадан курстық жұмыстар және студенттердің ғылыми жұмыстары.

Лекция мақсаты мен міндеттері: Білім беру бағдарламасын меңгеруде білім алушылардың өздік жұмыстарын жандандыру

Лекция мазмұны: Кредиттік оқыту жүйесін пайдалана отырып оқу үдерісін ұйымдастырудың міндеттерінің бірі білім беру бағдарламасын меңгеруде білім алушылардың өздік жұмыстарын жандандыру, оқу процесін қағазды және электронды тасымалдағыштардағы барлық қажетті оқу және әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету болып табылады. Сондықтан СӨЖ-ді ұйымдастыруда кітапхана, компьютерлік класс, лингафон кабинеті, медиатека, оқу теледидары, арнаулы зертханаларды кеңінен пайдалану оның тиімділігін арттырады. СӨЖ үдерісінде инновациялық технологиялар кеңінен қолдануы тиіс. Оны электронды оқулық; компьютерлік оқыту бағдарламалары; демонстрациялаушы бағдарламалар; компьютерлік моделдер; бақылау жасаушы бағдарламалар және т.б. арқылы жүзеге асыруға болады.

Мамандарды дайындау сапасын арттыру үшін олардың білімді алу мен игеру үдерісін (әсіресе өздік жұмыстағы) дұрыс ұйымдастыру және басқару қажет. Бұл міндеттерді шешуде қазіргі заманғы ғылыми негізделген оқу-әдістемелік құралдарды жасау және оқу үдерісіне ендірудің үлесі зор. Мұндай оқу құралдары ақпараттық, ұйымдастырушылық-қадағалау, басқару қызметтерін атқарады.

Студенттің өздік жұмысының тиімділігін арттыру үшін оқу құралдарынан басқа бағыттаушы және жетекші рөл атқаратын әдістемелік құралдардың маңызы зор. Мұндай құралдардың мазмұнында оқу материалын меңгеру реті, қиындық туғызатын тақырыптардың сұрақтарына түсіндірулер, ақпарат көздері, оқу материалын игергенде неге баса назар аудару қажеттігі, шығармашылық сипаттағы тапсырмалар көрсетіледі.

СӨЖ-дің аудиториялық формалары (ОСӨЖ, зертхана жұмысы) білім алушылардың оқулықтармен, әдебиеттермен жұмыс жасауын, топтық тапсырмаларды орындау, қойылған тапсырма көлемінде жекелей аналитикалық әрекеттер жасауын қарастырады, өздік жұмыс тексеріледі. СӨЖ тапсырмаларын дайындау алдында информатика пәні бойынша кітапханада қандай оқулықтар мен әдебиеттердің бары анықталды, студенттерді оқу-әдістемелік жағынан қамтамасыз ету үшін кітап дүкендеріндегі қажетті жаңа оқулықтарға тапсырыс берілді. Бастапқы кезде СӨЖ-ді орындауда студенттерді қазақ тіліндегі оқу материалдарымен қамту үшін электронды дәріс пен таратпа қағаздар ұсынылса, кейінгі жылы сынақтан өткізіліп, тәжірибе жинақталған соң электронды оқу басылымы мен баспаға оқу-әдістемелік құралдар даярланды.

ОСӨЖ-ді ұйымдастыру формалары консультация беру (білім деңгейі төмен студенттер үшін) және тапсырмалар беру (курстық, семестрлік, олардың орындалуын бақылау) түрінде жүргізіледі.

Консультация түрлері: жеке немесе топтық (жеке тақырыптар бойынша оқу үдерісінде қолданылады); ағымдық (семестрде) немесе қорытынды (емтихан алдында); оқуға қатысты (оқу бағдарламасына сәйкес) немесе ғылыми (курстық, дипломдық жұмысқа) болып жіктеледі. Дипломдық жұмысқа консультация беру ОСӨЖ-ге кірмейді. Консультация тақырып бойынша материалды толықтыру немесе түсіндіру түрінде болуы мүмкін. Ал, семестрлік, курстық тапсырмалардың мазмұны пәннің ерекшелігіне байланысты анықталады

Оқытудың техникалық құралдары: интерактивті тақта, проектор сызба – кестелер, бейнефильмдер.

Оқытудың әдістері мен түрлері: баяндау, сұрақ – жауап, түсіндіру
Деңгейлік тапсырмалар:

1. Консультация түрлері?

1. СӨЖ тапсырмаларын дайындау қандай жүргізіледі?

2. Теориялық материал бойынша білім пайдасы.

2.Электронды білім берудің пайдасы

3. ОСӨЖ-ді ұйымдастыру формалары жайлы не білесіз?

3. Ғылыми жұмыстары орындалу тәртібі.

ОБСӨЖ тапсырмалары:

Студенттің өздік жұмысының тиімділігін арттыру жолдары? ОСӨЖ-ді ұйымдастыру формалары.

СӨЖ тапсырмалары: Консультация түрлері.Ғылыми жұмыс орындалу тәртібі.

Пайдаланылатын әдебиеттер:

1.Таубаева Ш.Т. Теоретические основы проектирования государственных общеобязательных стандартов высшего профессионального образования. -Алматы: Ғылым. -2003. -137с.

2. Өстеміров К. Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары. – Алматы, 2007. -144 б.

3. Теория и методика обучения физике в школе общие вопросы. /Ред С.Е.Каменецкого, М., 2001.

4. Педагогика профессионального образования: учеб. Пособие / Е. П Белозерцев, А. Д. Гонеев, А. Г. Пашков/ под ред. В. А. Сластенина. – Москва Академия, 2004. – 368 с.

5.Алимбекова Г.Б. Физика пәні мұғалімдерінің кәсіби даярлығын жетілдіруге арналған оқу құралы. – Алматы , 2008. – 252 б.